

## Адам құқықтары мен демократия саласында ЕО Стратегиялық шеңберлері

### **I. ЕО саясатындағы адам құқықтары**

1. Еуропалық Одақ жалпыға бірдей бейбітшілікке және адам құқықтарын, демократия мен заң үстемділігін сақтау қағидаттарына негізделген бейбітшілік құру үшін тұрақтылыққа көмектесуге жалпы бел байлауға негізденеді. Еуропалық Одақтың ішкі және сыртқы саясатының барлық аспектілері осы қағидаттарға негізделеді.

2. Адам құқықтары – әмбебап қолданылатын құқықтық нормалар. Демократия – жалпыға бірдей ұмтылыс. Дүниежүзі бойынша барлық әйелдер мен еркектер адам құқықтары мен заң үстемділігіне негізделген ашық, демократиялық қоғамда еркін, лайықты және қауіпсіз өмір сүруді талап етеді. Орнықты бейбітшілік, тұрақты даму мен өркендеу, егер олар адам құқықтарын, демократия мен заң үстемділігін сақтауға негізденетін болса ғана мүмкін.

3. Бірақ адам құқықтары мен демократияны сақтауды тиісті ретінде қабылдауға болмайды. Мәдени айырмашылықтар олардың әмбебап табиғатына күмән туғызады. Қазіргі ақпараттық технологиялар мен коммуникациялар, адамдар арасында ақпараттың еркін ауысуына ықпал ете отырып, сонымен қатар авторитарлық мемлекеттердің мәжбүрлеу күштерін едәуір ұлғайтты.

4. ЕО барлық проблемаларды жете түсінеді және барлығы және әр қайсысы үшін адам құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша өз күш салуын көбейтуге ниеттенеді. ЕО бүкіл әлемде бостандыққа, демократия мен адам құқықтарын қорғауға шығатын белсенділерді барлық күшімен қолдауды жалғастырады.

### **II. Адам құқықтарының әмбебаптығын жылжыту**

5. ЕО азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қоса, адам құқықтарын жылжытуға және қорғауға өз бейілділігін қайтадан растайды. ЕО барлық Мемлекеттерді Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының ережелерін жүзеге асыруға, сондай-ақ еңбекшілер құқықтары жөніндегі негізгі конвенцияларды, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі өңірлік аспаптарды қоса, адам

құқықтары саласындағы негізгі халықаралық шарттарды ратификациялауға және сақтауға шақырады. ЕО адам құқықтары әмбебаптығын мойындауға зиян келтірудің кез келген әрекеттеріне қарсы шығады.

6. «Адам құқықтары мен демократия ЕО сыртқы қызметінің ортасында: тиімдірек тәсілге жолда» Еуропалық Комиссияның және ЕО шетелдік істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы Өкілінің Бірлескен Хабарламасы, - осы мақсаттарды оның сыртқы қызметі аясында жылжыту үшін адам құқықтары саласында ЕО стратегиясын дамытуға үміт күткен үлес.

### **III. Дәйекті мақсаттарға жету**

7. Еуропалық Одақ туралы шарттың 21-бабы өзінің сыртқы қызметінің барлық спектрі арқылы адам құқықтары мен демократияның таралуына көмектесуге ЕО бел буғандығын тағы бір рет дәлелдеді. ЕО Негізгі құқықтар туралы хартиясының заң күшіне енуі және Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияға қосылу арқылы Еуропалық Одақтың Адам құқықтары туралы Еуропалық соттың юрисдикциясын қабылдау келешегі ЕО-ның барлық салаларда адам құқықтарын қорғау ісіне шынайы берілгендігін көрсетеді. Өзінің меншікті шекаралары шегінде Еуропалық Одақ пен мүше-мемлекеттер адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету саласында үлгі көрсетуге бейілді. Шекаралардан тыс жерлерде адам құқықтары мен демократияның таралуына көмектесу және оларды қорғау – ЕО мен мүше-мемлекеттердің бірлескен жауапкершілігі.

8. ЕО барлық дүниежүзінде адам құқықтарының бұзылуын болдырмауға тырысады, ал олар бұзылған жағдайда сот әділдігіне қол жеткізуді, зиян шеккендерге зиянын өтеуді және кінәлілерді жауапқа тартуды қамтамасыз етуге тырысады. Осы мақсаттарда Еуропалық Одақ адам құқықтарын, демократияны және өзінің сыртқы қызметінің барлық аспектілерінде заң үстемдігін жылжыту жөніндегі өзінің күш салуын жандандыруға ниетті. ЕО адам құқықтарын бұзуға әкеліп соғуы мүмкін дағдарыстардың ертерек алдын алу және болдырмау мүмкіндіктері мен тетіктерін нығайтады. ЕО әріптес-елдермен, халықаралық ұйымдармен және азаматтық қоғаммен өз ынтымақтастығын тереңдетеді, өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделу үшін жаңа әріптестіктер құратын болады. ЕО барлық әлемдегі өзінің әріптестерімен демократияны қолдау үшін, атап айтқанда шынайы және сенім артуға болатын электоралды

үдерістерді, сондай-ақ азаматтарға қызмет ететін репрезентативті және ашық демократиялық институттар әзірлеу үшін өз жұмысын күшейтеді.

#### **IV. ЕО сыртқы қызметінің барлық стратегияларындағы адам құқықтары**

9. ЕО адам құқықтарының өзінің сыртқы қызметінің бірі қалмастан, барлық салаларында қолданылуына ықпал етеді. Атап айтқанда, адам құқықтарының қолданылуына ықпал ету ЕО сауда, инвестициялар, технологиялар мен телекоммуникациялар, Интернет, энергетика, қоршаған орта, бизнес пен дамудың әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы, сондай-ақ Жалпы қауіпсіздік пен қорғаныс саясатына, әлеуметтік саясат пен қорғаныстың сыртқы өлшеміне, терроризммен күрес жөніндегі саясатты қоса, бостандық, қауіпсіздік пен сот әділдігі саясатына ықпалдасатын болады. Ынтымақтастық аясында дамыту мақсатында, адам құқықтары саласында әріптес-елдерге олардың халықаралық міндеттемелерін іске асыруға көмектесуге ЕО айтарлықтай күш салуын қамтамасыз ету үшін адам құқықтарына негізделген тәсіл пайдаланылатын болады.

#### **V. Адам құқықтары саласында ЕО басымдықтарын іске асыру**

10. ЕО Интернет желісінде сияқты, сондай-ақ одан тыс жерде сөйлеу, пікір айту, жиналу және бірігу бостандығын қолдануға ықпал етуді жалғастырады; демократия бұл құқықтарсыз өмір сүре алмайды. Сонымен қатар ЕО дін және дін тұту бостандығының таралуына, балалардың, азшылық өкілдерінің, байырғы тұрғындардың, босқындардың, мигранттардың және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтарын қорғауға көмектеседі және нәсіл белгісі, этникалық тиістілігі, жасы, жынысы немесе сексуалды бағдарлануы бойынша кез келген байқалған кемсіту түрлерімен күресетін болады. ЕО кемсітетін заңнамамен, гендерлік зорлықпен және әлеуметтік оқшаулаумен күресу арқылы әйелдер үшін барлық салаларда құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту кампаниясын жалғастырады. ЕО экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды тарату жөніндегі өз күш салуын нығайтады; ЕО негізгі қызметтерге жалпыға бірдей және тең құқылы қолжетімдікті қамтамасыз ету жөніндегі күш салуын, бұл ретте кедей және осал топтарға еркше назар аудара отырып, нығайтады. ЕО БҰҰ бизнес және адам құқықтары саласындағы жетекші қағидаттарды іске асыруды қолдайды және ықпал етеді.

11. Өлім жазасы мен азаптаулар адам құқықтарын қатал бұзу және адамның абыройын қорлау болып табылады. Бүкіл дүниежүзі бойынша өлім жазасын жоюға өсіп келе жатқан қозғалыспен жігерленген ЕО өлім жазасына қарсы өзінің ұзақ мерзімді кампаниясын жалғастырады. ЕО азаптауларға және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын әрі адамның абыройын қорлайтын әрекетерге қарсы шығуды жалғастырады.

12. Әділ және күн ілгері кесіп-пішілмеген сот әділдігі жүйесі адам құқықтарын қорғау үшін қажет. ЕО соттың істі адал қарауына және заң алдындағы теңдік құқығын жылжытуға өз күшін ұлғайтады. ЕО халықаралық гуманитарлық құқықтың сақталуына көмектесуді жалғастырады; ЕО халықаралық бірлестіктің алаңдаушылығын туғызатын, қарулы қақтығыстармен байланысты сексуалдық зорлықты қоса, қатаң қылмыстардың жазасыздығына қарсы, Халықаралық қылмыстық сотқа өзінің бейілділігі арқылы батыл күреседі.

13. Бүкіл әлем бойынша адам құқықтарына күресетін батыл адамдар, жиі жәбірлеу және мәжбірлеу құрбандары болады; ЕО құқық қорғаушыларға өзінің саяси және қаржылық қолдауын жандандыруға және кез келген жазалау шараларына қарсы қолданылатын күшті нығайтуға ниеттенеді. Қайратты және тәуелсіз азаматтық қоғам демократия қызмет істеу және адам құқықтарын іске асыру үшін қажет; азаматтық қоғаммен тиімді жұмыс – адам құқықтары саласындағы табысты саясаттың негізгі идеясы. ЕО ішінде сияқты, сондай-ақ оның шегінен тыс азаматтық қоғаммен өзінің жүйелі диалогын ЕО жоғары бағалайды және кейбір елдерде азаматтық қоғамның тәуелсіздігін шектеу үшін қабылданатын әрекеттер оның алаңдаушылығын туғызады. Азаматтық қоғамның жетекші доноры бола тұрып, ЕО құқық қорғаушыларды Демократия және адам құқықтары саласындағы Еуропалық Аспап шеңберінде қолдауды жалғастырады және қаржыландыруды икемдірек әрі қолжетімді етеді.

## **VI Екі жақты негізде әріптестермен жұмыс жасау**

14. ЕО адам құқықтарын өзінің стратегиялық әріптестерін қоса, үшінші елдермен өзінің қатынастарының ортасына орналастырады. Адам құқықтары саласындағы, жалпыға ортақ нормаларға нық негізделген ЕО саясаты әр елдің мән-жайын ескере отырып, атап айтқанда жекелеген елдердің адам құқықтары саласындағы стратегияларын әзірлеу арқылы мұқият әзірленетін болады. ЕО үшінші елдермен

сындарлы жұмысқа әрдайым ұмтылады; бұл тұрғыдан ЕО әріптес-елдермен адам құқықтары жөніндегі өз диалогы мен консультацияларын тереңдетуді жалғастырады және осы диалогтардың нәтижелілігін қамтамасыз етуге тырысады. ЕО екі жақты саяси диалогтың барлық тиісті форумдар шеңберінде, оның ішінде ең жоғары деңгейде адам құқықтары мәселелерін батыл көтереді. Бұдан басқа, ЕО адам құқықтары саласында білім беруді және оқытуды қолдауды қоса, адам құқықтарына көмектесетін жобаларды қаржыландыру өңірлік бағдарламаларын пайдалануға болатын салаларды айқындау үшін әріптес-елдермен жұмыс істейді. Дегенмен, адам құқықтарын бұзушылықтармен кездесіп қалғанда, ЕО жазалау шаралары мен айыптауды қоса, өзінде бар аспаптардың толық спектрін қолдануға ниетті. ЕО үшінші елдермен келісімдердің саяси шеңберінде адам құқықтары туралы ережені барынша пайдалану үшін өз күшін нығайтады. Еуропалық көршілік саясаты қолданылатын елдерде ЕО демократия мен адам құқықтары оның ортасында, оның ішінде «көпке көбірек» саясаты арқылы орналасқан, жерлерде жүргізілетін саяси реформалардың толық ауқымды бағдарламасын қолдау қатал міндеттемесін алды. Адам құқықтары ЕО кеңейту саясатының ортасында қалады.

## **VII. Көп жақты институттар шеңберінде жұмыс**

15. ЕО адам құқықтары туралы нормаларды іске асыру барысын әділ қадағалай алатын және барлық Мемлекеттерді жаупкершілікке шақыра алатын күшті көп жақты құқық қорғау жүйесіне бұрынғыдай бейілді болады. ЕО адам құқықтарын жалпыға бірдей қолданылуына кез келген күмәндану әрекеттеріне батыл кедергі жасайды және БҰҰ Бас ассамблеясында, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінде және Халықаралық еңбек ұйымында адам құқықтарын бұзуға қарсы шығуды жалғастырады. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар басқармасының, сондай-ақ БҰҰ шарт мониторингі органдарының және арнайы рәсімдерінің тәуелсіздігі мен тиімділігі аса қажет. ЕО БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің адам құқықтарын бұзудың кідіртпейтін жағдайларын шешу жөніндегі жетекші рөлін атап көрсетеді және Кеңестің тиімді қызмет етуіне батыл ықпал етеді; осы мақсаттарда ЕО барлық өңірлердің елдерімен қызмет етуге дайын. ЕО Адам құқықтары жөніндегі кеңестің барлық мүшелерін адам құқықтары жөніндегі ең жоғары стандарттарын сақтауға және сайлауға дейін берген сөзін орындауға шақырады. Еуропалық Одақ пен мүше-мемлекеттер Әмбебап мерзімді шолу (ӘМШ) енгізуді қуаттайды және ӘМШ қабылдаған

ұсынымдарды, сондай-ақ БҰҰ шарт мониторингі органдарының және арнайы рәсімдерінің ұсынымдарын барлық үшінші елдермен екі жақты қатынастар шеңберінде талқылауға міндеттенеді; ЕО мүше-мемлекеттер өз аумағында осындай ұсынымдарды іске асыруды қамтамасыз етуге батыл ниеттенеді. Алдымыздағы шолулар шеңберінде ЕО ӘМШ аясында үшінші елдер алған міндеттемелерді іске асыру деңгейіне баса назар аударатын болады және оларды іске асыруға қолдау көрсетуге тырысады.

16. ЕО Еуропа Кеңесі мен ЕЫҚҰ жүргізетін адам құқықтары саласындағы баға жетпес жұмысқа қатысуды жалғастырады. Өңірлік құқық қорғау тетіктерін шоғырландыруға көмектесу мақсатында ол Африкалық Одақ, АСЕАН, ЮААРС, Америка мемлекеттерінің ұйымы, Араб мемлекеттерінің лигасы, Ислам ынтымақтастығы ұйымы және Тынық мұхит аралдарының форумы сияқты өңірлік және басқа ұйымдамен әріптестікте жұмыс істейді.

### **VIII. ЕО ішіндегі бірлескен жұмыс**

17. Еуропалық Парламенттің Демократиялық мандаты адам құқықтары саласында оған арнайы өкілеттіктер мен құзырет береді. Парламент адам құқықтарын, атап айтқанда өз қарарлары арқылы таратуға көмектесуде жетекші роль ойнайды. Еуропалық Парламент, Еуропалық Кеңес, мүше-мемлекеттер, Еуропалық Комиссия мен Еуропалық сыртқы байланыс қызметі, өздерінің бөлек институционалды функцияларын есепке ала отырып, адам құқықтарын сақтаумен жағдайды жақсартуға бағытталған ортақ мақсатты іске асыру үшін одан да тығыз бірлескен жұмысқа бейілді болғаны маңызды.

---